

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

зорлық-замбылық жасау әдістерімен халықтың мал-мүлкін тартып алумен айналысты. Басқаша айтқанда, Ақмешітте большевиктер немесе кеңестер билігі күштеп орнатылды. Одан кейінгі азамат соғысы кезінде жергілікті халық тағы да зардап шекті. Большевиктердің лаңкестік әрекеттерінен олардың басым бөлігі жан-жаққа бытырап, ақмешіттіктер бұрынғы бірлігінен айрылып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Раджапов А.О. Оңтүстік Қазақстан қос революция тұсында. Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1997. – 157 б.
2. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 – маусым 1918 жж). Т.ғ.к. ғылыми дәреж. алу үшін дайын. авторефераты. – Алматы, 1995. – 25 б.
3. Ахметов Қ. Ақмешіттегі жанжал // Бірлік туы, № 8. 18 қыркүйек. 1917.
4. Ахметова Ж.Қ. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістандық кезеңі (1917-1919 жж). Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2006. – 147 б.
5. Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Сб. документов. –Т.1. – Ташкент «Фан», 1963. – 658 с.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
7. Сыр өңірі тарихы. (Көне заманнан бүгінге дейін). Алматы: Атамұра, 1998. – 285 б.

ӘОЖ 93/94

АЛАШ АРЫСЫ МӘННАН ТҮРҒАНБАЕВ

Абубек Айерке Абубекқызы

aierke0202@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-Н.Е.Сайлаубаева

Отан тарихы – ұлт тарихы екеніне ешкім шүбә келтірмес. Әрбір өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа төл тарихтың туған жерден басталатыны белгілі. Осы негізде нағыз отансүйгіш ұрпақ тәрбиеленеді.

Тарихты терең зерттеу ол елдіктің, отаншылдықтың белгісі екені белгілі. Қазақ тарихы өркендеп өссе, ұлттың рухы өрлейтінін барлығымыз білеміз. Қазақ мың өліп, мың тірілген халық. ХХІ ғасыр қарсаңында азаттыққа қасіретті жыдармен қол жеткіздік. Сондықтан ұрпақтар сабақтастығын сақтаған халықтың біріміз. Ұлы дала тарихына тән бірегейлікті сақтап қалған және келген елдің біріміз. Тамыры терең тартқан ғасырлар бойы жалғасып келген рухани- мәдени байлығымыз бар. Ол – қазақ елінің ерлігі мен қаһармандығынан тұрады. Тарихи тұлғаларымыз қазақ этногенезі мен мемлекеттілігінің іргетасын қалаған. Бар күш-куатын ел-жұртына арнаған. Тарих – бәсекеге, сұрапыл сынаққа төтеп бергендердің алатын еншісі болып табылады. Отан тарихын зерттегенде әсте ұмытуға болмайтын методологиялық ұстаным адамдар іс-әрекетімен жасалатын тарихтың екі-ақ негізде өрбитініне қатысты. Оның бірі – табиғи-ырғақты тарихи үдеріс, екіншісі – отарлаған немесе өктем сырт күштің тегеурінімен жасалатын тарих. Ұлы дала екеуін де бастан кешті десек артық айтқандық емес.

ХVІІІ ғасырдың басына дейін қазақ жеріне келген қытай, араб, моңғол, жоңғар басқыншылары – бәрі сайын даланың табиғи-ырғақты тарихи үрдісін бұза алмағаны белгілі. Керісінше қайта өздері қазақтанып кеткен болатын. Орыс отарлауы да табиғи-ырғақты дамуды шайқалтқанмен, толыққанды тамырын қиюға ғұмыры жетпеген болатын. Ұлттың табиғи-ырғақты дамуын күйреткен алапат кеңестік тоталитаризм саясатының негізінде қазақ жерінің біраз бөлігі талан-таражға түскенін білеміз. Елі мен жері үшін еңіреген зиялылар атылды, қуғындалды, қазақ тілі бейшара халге ұрынды, аштық миллиондаған қандастарымыздың басын жұтты, демография бұзылды. Біздер ұлттың тұтастығына, болашағына, мемлекет тағдырына төнген қатердің жиынтық көрінісінің куәгеріміз. Осы

орайда, бүгінгі ұлттық тарихымызға дағдарыс пен іркілістен гөрі ізденіс, қайта өрлеу байқауға болады.

Қазіргі кезде ата-баба тарихымызды қайтадан зерделеуде ежелгі дәуірден тартып, Астананың ауысуына дейінгі үдерістер жаңаша бағамдалып зерттелуде, бұрын-соңды қолға түспей келген дереккөздер жарияланып жатыр. Бұл құптарлық жағдай. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тарихи таным көкжиегін кеінен кеңейткенін айтуымыз керек. Тарихтағы адам мен ұлт және мемлекет мәселелері оң пайымдау деуге болады. Өйткені, өркениеттік ілгерілеу мен іркілістегі Қазақстан орнын лайықты анықтауға жағдай жасайды. Адамзат баласының тәжірибесі тарихи ахуалға қарай аз халықтан да әлемдік тұлға шығатынын, көп халықтың да жаңсақ басуға баратынын айғақтап отыр. Тарихтағы әрбір оқиға адам қатысуымен іске асқанын ескерсек, сол тарихи оқиғадағы тұлғаларды бірі білсе, бірі білмейді. Әрбір құнды пікір арқылы тұлғаны тану тарихтың бірсыпыра бетін ашумен тең деуге болады.

Әрбір тұлға бір тарих. Әр сөзде шындығы бар, асыра сілтеу бар, барды жоқ, жоқты бар қылатындар да бар. Соның дұрысын ажырата білу тарихшылардың міндеті. Бұл тұлғатану туралы мына сөздер дөп келгендей: «Тұлғатану отандық тарих ғылымында ділгір мәселелерінің бірі. Мәселе осы бағытта жүргізілген зерттеулердің аздығында емес, керісінше ол зерттеулердің өзегінің осалдығында болып тұр. Тұлғатануда ортақ теориялық-әдіснамалық негіздің және сыннан өткен бағалау өлшемдерінің болмауынан тарихи тұлғаны бүкіл болмысымен емес, жеке, топтық мүддеге қызмет ететін тар танымдық шеңберде ғана танытумен шектеліп келеді. Бұл жағдай көбіне оқырманға тұлғаның өз көңілі қалаған бейнесін ұсынып, тарихи ақиқаттың ауылынан алыстай береді» [1].

Тәуелсіз тарихи сана қалыптастыруға бас болған санаулы ғалымдардың бірі, академик М.Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалаудың зәру мәселе екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер - жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек. Отан тарихынан кейбір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» [2] деген ой өрбітеді.

Сол тұлғаның бірі – Мәннан (Манан) Тұрғанбайұлы Тұрғанбаев. Ол 1886 жылы Семей губерниясында, Қарқаралы уезінде Абыралы болысының №2 «Сарыапан» ауылында өмірге келген [3]. Қазақта адамның шыққан тегі жеті атасы арқылы тарайды. Мәннан Тұрғанбаевтың руы – Арғын (қаракесек-қамбар). Ал жеті атасы Тлеуден Аман, одан Қожамбеттен Ақсарыдан кейін Мандай, ол кісіден Мәмбет, Мәмбеттен Тұрғанбай тарайды. Ал Мәннан осы Тұрғанбайдың ұлы.

Мәннанның өскен аймағы, ауылы сол кездегі атақты Қамбар тегінен шыққан: Толыбай, Жиенбай, Кемелбай, Майда және Қабан батырлар, сондай-ақ Борсылдақ би мен Раймолда, Жарылғас пірадарлардың мекені болған. Әкесі Мәннан 10 жаста болғанда бақилық болған. Мәннанды әкесінің інісі Шәден тәрбиесіне алған. Оқу жолын Семейден бастаған. Молдадан арабша сауатын ашады. Семейде әрі жұмыс істеп, әрі медресені бжылда тәмәмдайды. Кейін 1906-1910 жылдары өз ауылына келіп, алған білімін ауылдағы жастарға бөліскен. Білімінің ары қарай жалғастыруы ағасы Шәден мен жездесі Нұрмағамбеттің арқасы деуге болады. 1910-1915 жылдар аралығында Мәннан Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білімін шындайды. 1917-1919 жылдары Семейдегі (Алаш қаласындағы – Жаңасемей бөлігі) педагогикалық курстың меңгерушісі және осы курстың мұғалімі болған. 1919 жылы Кеңес өкіметі орнаған күннің ертесінде (4 желтоқсан, 1919 ж.) бастап «Қазақ тілі» газетінің жауапты редакторы, тұңғыш шығарушысы болған. 1919 жылдың маусым айында «Ұшын» газетіне редакторлық қызметін атқарған. Семейде шыққан 1919 жылы «Қазақ тілі» газетінің редакторы [3].

Алаштың біртуар тұлғасы Әлихан Бөкейхановтың бастауымен Түркияға сапарлап, Каирдегі мұсылман рухани академиясы мен Стамбұлда қысқа мерзімді курстардан өтеді. 1917 жылы Орынбордан Семейге келіп, «Сарыарқа» газеті редакторының орынбасары ретінде

Санкт-Петербургтегі екі жарым айлық курстан өтеді. 1917 жылғы сәуір айында өткен Семей облыстық қазақ съезінде комитет мүшесі болып сайланады. «Айқап», «Абай» т.б. басылымдарда өзекті ой қозғаған мақалалары жарық көрді. «Абай» журналының 1918 жылғы 2 санында «Ұлтшылдық» мақаласы жарияланады. 1918 жылы Алашорданың атты әскер полкіне қабылданады.

Мәннан Тұрғанбаев Алаш арыстарымен бір толқында, тығыз қарым-қатынаста болды. Оған дәлел Сейітмұхамет Тәбәрікұлының «Қайран, Мәннан» еңбегіндегі бірінші бөлімнің үшінші «Қайран, сабаздар-ай!» деген жиырмамыншы бетіндегі мына сөздер дәлел. «Мәннан Тұрғанбаев «Сарыарқа» газетінде редактордың көмекшісі ретінде Санкт-Петербургтегі 2,5 айлық журналисттер оқу курсынан өтіп, мамандығын жетілдіре түсіп, әдебиетпен де шұғылданған, әдебиет қайраткерлерімен де тығыз байланыста болған. Әсіресе Жүсіпбек Аймауытовпен, Нығымет Нұрмақовпен, Мұхтар Әуезовпен, Қаныш Сәтпаевпен, Әлімхан Ермековтермен серіктес, әріптес, ниеттес болып өте жақын араласқан болатын.

Мәннан Тұрғанбаевтың өмір жолы кинодағыдай бал кездер болған жоқ. Қапал түрмесінде отырған екі жыл ішінде отбасы аштық апатының шеңгеліне тап болып, әйелі мен Есен атты қызы қайтыс болады. Ал анасы Қалыш пен ұлы Мұрат немере туысы Әбділманның үйін пана еткен. Кейін түрмеден шыққан соң қызметтік іске достары, таныс жолдастарының шақыруымен кірісіп, қаржы мәселесін шешкен.

Алаштың арда қайраткері Мәннан Тұрғанбаев Семей түрмесінде 1937 жылы 20 тамызында қаза болған. Ол туралы дерек Бородулиха ауылындағы азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде болған. Қайраткерді тек 1963 жылы ақтап алған.

«Қазақ арасында ағарту жұмысын жүргізуге бір елдің тұрмыс шартын, одан алынған тәжірибелерді көз алдымызда ұстауымыз керек. Біз, қазақ, ағарту жұмысында әлі жаспыз. Тілегіміздің, ісіміздің күші әлі алдымызда жатыр. Бұл жұмысқа үлгі алу үшін арт жағымызға айналып қарасақ та ешбір тәжірибе, үлгі аларлық тарихи іс көре алмаймыз», – дей келе, тәжірибені орыс педагогтарынан үйренуге шақырады. Сөйтіп Мәннан Тұрғанбаев педагогикалық пікірлері тәжірибеге негізделген, өмірге орай пайдалы пікірлер болды. Ғылыми мәні бар бұл мақалалар қазақ совет мектебінің құлашты кең жая өркендеп, өсуіне жол сілтеді.

Мәннан Тұрғанбаев 1917 жылғы сәуір айында өткен Семей облыстық қазақ съезінде комитет мүшесі болып сайланады. Мәннаның «Айқап», «Абай» тағы басқа басылымдарда өзекті ой қозғаған мақалалары жарық көрді. «Абай» журналының 1918 жылғы 2 санында «Ұлтшылдық» мақаласы жарияланады. Ал 1918 жылы Алашорданың атты әскер полкіне қабылданады. Осы 1918 жылы Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жас семинарист Мұхтар Әуезов сол тұста өзі Семейде шығарып тұрған «Абай» журналының №11 санындағы мақаласында: «Ұлт мектебін ашуға қазірде біздің алдымызда қиын асудай үш кедергі тұр. Бірі: бастауыш мектептің бәріне мұғалім жоқтығы; екіншісі: оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі: ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақытта бола алмайтындығы» деп жазды [4].

Ұлттық білім саласындағы осындай мәселелерді шешу мақсатында, алғашқыда Семейде Оқытушылар ұйымы (кейбір құжаттарда Қырғыз мұғалімдер одағы немесе бюросы деп те жазылып жүр) құрылып, оған төрағалыққа Мәннан Тұрғанбаев, ал хатшылыққа Мұхтар Әуезов бекиді. Бұл ұйым өз кезегінде ұлт мектептері үшін «Бастауыш мектептегі оқу бағдарламасын» әзірлеп, таратады. Жалпы Семей оқытушылар ұйымы ұлттық педагог кадрларды даярлау, қазақ мектептерін ашу және олардың жұмысына басшылық жасау, тағы сол сияқты маңызды мәселелерді шешу мақсатында Семей уездік Земство басқармасына жолдаған №221 қатынас қағазында: «Согласно заявления г. председателя Семипалатинской уездной Земской управы, киргизской учительской союз в заседании от 25 ноября сего года постановил делегировать в совет уездного отдела по народному образованию следующих трех своих представителей. Маннана Турганбаева, Каныш Сатпаева, Сейтбаттал Мустафина» дейді. Мәннан Тұрғанбаев туралы зерттеу әлі де жетесіне жетпеген істің бірі. Бұлай деу себебіміз, 1932-1936 жылдар аралығындағы арысымыздың өмірбаянының толыққанды

болмауы, оның барлығын Ресей мұрағаттарынан қарастыру керектігі үлкен бір басы ашылуы керек мәселе болып тұр. Мәннан- рухани бастаушы, Алаштың арысы, тарихи тұлға, өр қайраткер адам болды. Жарық көрген еңбектері: «Пайғамбар заманы», «Тіл құралы», «Есеп», «Этика» т.б. «Шәкіртсіз ұстаз-тұл» деген сөз бекерге айтылмаған. М.Тұрғанбаевтың есімін ұмыттырмай, мәртебесін, даңқын асқақтатқан оның артында қалған шәкірттері. Олар есімі елімізге мәшһүр ғұлама ғалымдар академик Ақжан Машанов пен профессор Мұсатай Ақынжанов, Әлкей Марғұлан, Ахмедия Ысқақовтар. Олар өздеріне ұстаздық еткен Мәннанның байсалды мінезі мен мұғалімдік талабын үнемі жылы лебізбен естеріне алып келеді. Мәннанның жазықсыз жазаға ұшырап, оның шығармаларын оқуға қатаң тиым салынғаны, жазылып, жарық көрген еңбектері: «Пайғамбар заманы», «Тіл құралы», «Есеп», «Этика» тағы да басқа оқулықтары мүлде жоғалып, ел жадысынан ұмыт болды.

Мәннан Тұрғанбаевтың бірінші әйелі қайтыс болады, одан үлкен ұлы Мұрат туған. Арада біраз уақыт өткен соң екінші әйелі Сағындыққа үйленген, екінші ұлы елден жырақта туғандықтан болса керек атын «Отан» деп қойыпты. Түрмеге қамалғанда өз қолымен толтырған сауалнамасында «жанұямда 6 жан бар: анам Қадиша-81 жаста, әйелім Сағындық-31 жаста, ұлым Мұрат-13 жаста, ұлым Отан, қызым-Гүлбаһрам, інім-Ерғали» - [5] деп жанұя мүшелері жайлы мағлұматтар берген екен. Үлкен ұлы Мұрат әке жолын қуып, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне арнаған жан. Мұрат аға өмір жолын 1941 жылы Үржар ауданының Науалы орта мектебінде мұғалімдіктен бастады. 1942-1947 жылдар әскер қатарында болып соғысқа қатынасты. Одан кейінгі жылдары 26 жыл бойы Семей қаласының бірнеше мектебінде директолық қызмет атқарып, зейнеткерлікке шығады. Мұрат аға зайыбы Сағила екеуі бес ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген бақытты жандар. Міне, Мәннан Тұрғанбаевтың ұрпағы осылар. «Артында бар оңалар» деп халқымыз бекер айтпаған болар. Семей қаласының бір көшесіне Мәннан Тұрғанбаев есімі берілген. Алаш арысы Мәннан Тұрғанбаевтың есімі ел есінде, төл тарихта қалады. Өткен өмір жолы мен атқарған қоғамдық-саяси қызметі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 2.
2. Қозыбаев М. Ғұмырнамалық жанрын зерттеу мәселелері //Қазақ елі. 1996. 27 желтоқсан.
3. Тәбәрікұлы С. Қайран, Мәннан.-Алматы: Қағанат-ҒМО баспасы, 2002-258 бет.
4. Тәбәрікұлы С. Қайран, Мәннан.- Алматы. Қанағат-ҒМО баспасы -, 2002.- 159 б.
5. Тәбәрікұлы С. Қайран, Мәннан.- Алматы. Қанағат-ҒМО баспасы -, 2002.- 259 б.

УДК 93/94

ИДЕИ АЛАШ В КУЛЬТУРНОМ И ПОЛИТИЧЕСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

Айткалиев Алихан Арманович

saintete.siempre@gmail.com

Студент Международной Школы Экономики университета КАЗГЮУ

имени М. С. Нарикбаева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Г. Султангазы

Идеи партии Алаш - это, в первую очередь, идеи свободы и независимости казахского народа. Алихан Букейханов, Ахмет Байтұрсынов, Миржақим Дулат боролись за право на самоопределение и свободу культурного развития: «чтобы сохранить самостоятельность, мы должны всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре. Наш долг и обязанность первым делом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу...» (Ахмет Байтұрсынов, газета «Қазақ»).